

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№ 65 (9383) | 1954 жылғы 26 март Жұма | Шығуына 35 жыл
жеке саны 20 тыйын.

ССРО Жоғарғы Советін шақыру туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы ССРО Конституциясының 57-статьясы негізінде қаулы етеді: Советтік Социалистік Республикалар Одағының төртінші сайланған Жоғарғы Советінің бірінші сессиясы 1954 жылғы 20 апрельде Москва қаласында шақырылсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. ВОРОШИЛОВ.
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Н. ПЕГОВ.

Москва, Кремль
1954 жыл, 24 март.

Тұқым әрі жеткілікті, әрі сапалы болсын

Социалистік ауыл шаруашылығының негізгі саласы—астық шаруашылығы болып саналады. Сондықтан партия мен үкіметіміз астық шаруашылығы мықтан өркендету мәселесіне ерекше назар аударып отыр. Демек, партия мен үкіметіміз халықтың жоғары сапалы тамақ өнімдері жөніндегі өскелең қажетін қанағаттандыру—астық өндірісін арттыруға тікелей байланысты екендігін бізге үнемі үйретіп келеді.

Астық шаруашылығын өркендету, егіншіліктің мәдениетін, сондай-ақ егіннің барлық түрінің шығымдылығын арттыру жолдары СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы қаулысында және «Елімізде астық өндіруді онан әрі арттыру туралы, тың және тыңайған жерлерді игеру туралы» Орталық Комитеттің соңғы Пленумының қаулысында айқын белгіленіп, көрсетілді. Жергілікті партия, совет ұйымдарының, ауылшаруашылық органдарының кәзіргі басты міндеті сол—осы қаулыларды мұлтсіз жүзеге асыруды қамтамасыз ету.

Үстеміндегі жылы облыс колхоздары мен совхоздарының басым көпшілігінде егіс көлемі тың және тыңайған жерлермен ұлғайтылғалы отыр. Егер облыста 1954—1955 жылдары 700 мың гектар тың және тыңайған жерлер игерілуі керек болса, үстеміндегі жылы колхоздар бойынша оның 82 мың гектарына, совхоздар бойынша 26 мың гектарына тұқым себуге тиіс. Өзінің көлемі жағынан үлкен, маңызы жағынан зор, құрметті бұл жұмыс колхоздардың, МТС-тердің, совхоздардың басшыларынан оған әзірлікті жан-жақты, тығызлықты жүргізу ісін шеберлікпен ұйымдастыруды талап етеді.

Көктемгі егіске әзірлік жұмысы алуан салалы. Солардың ең маңызды салаларының бірі—тұқым әзірлеу.

Сапалы тұқым — мол өнімнің негізі. Егіннен мол және тұрақты өнім алу үшін егістік жердің қунарлылығы қандай керек болса, сапалы тұқым сондай керек. Тұқымды жеткілікті мөлшерде дайындамайынша, оны өнгіштік сапаға жеткізбейінше көктемгі егіске әзірлікті аяқталды деуге болмайды.

Тұқым дайындаудың маңызына осы

темі Токарев, партия ұйымының секретары Омельченко жолдастар жұмыстың бұл саласына нақтылы басшылық жасамай, әлі күнге жайбарақаттықта жүр.

Бұл колхозды Булаев МТС-і қамтыды. МТС-тің директоры Лепехин жолдас колхозда көктемгі егіске әзірліктің, оның ішінде тұқым дайындау жайының нашар екендігін жақсы біледі. Солай бола тұрса да, Лепехин жолдас колхозға МТС агрономдарының іскерлікпен көмек көрсетуін ұйымдастыра алмай келеді. «Уақыт бар ғой, егіске әзірлікті үлгерерміз» деген зиянды пікір тек Буденный атындағы колхоздың басшыларында ғана емес, Булаев МТС-нің кейбір басшыларынан да орын алған көрінеді.

Ленин ауданындағы Молотов атындағы, Аманжолды атындағы, «Қазақстанның 30 жылдығы» колхоздарында да тұқым тазартудың барысы төзгісіз жағдайда. Аталған колхоздарда тұқым тазартуға қолда бар машиналардың қуаты сарқа пайдаланылмайды. Бұл жұмысқа бөлінген колхозшылардың арасында еңбек ұйымдастыру ісі өте нашар. Олар жұмысқа кеш шығып, ерте аяқтайды. Сонымен күнделік тапсырмаларын орындамайды. Колхоз басшылары мал шаруашылығымен ғана шұғылданып, егіске әзірлікті ескермей жүр. Шаруашылыққа басшылық етуде бұл сыяқты бір жақтылыққа салынудың іске ешқандай пайда бермейтіндігі мәлім.

Көктемгі егіске тұқым дайындауда бөліп отырған осы сыяқты кемшіліктердің салдарынан облыста колхоздар бойынша құйылған тұқымның бірешырасы әлі тазартылмай, шығымдылық сапаға жеткізілмеген. Тұқымды өнгіштік сапаға жеткізу әсеріне, Ленин, Пришім, Совет, Октябрь, Преснов, Соколов аудандарында тіпті нашар. Бұл аудандардың басшылары тұқым тазартуда болған өткен жылғы қателіктерді қайталап отыр. Шынын айту керек, мұндай жағдайға бұдан әрі төзуге болмайды.

Көктемгі егістің басталуына санаулы ғана күндер қалды. Егіске әзірлік, әсеріне, тұқым дайындау жұмыстары енді ыргалып-жырғалуды көтермейді. Әрбір колхоздың, МТС-тің, совхоздың, ауданның басшылары барлық егіске қажетті тұқымды әзірлеуге, қолда бар тұқымды тазарту, шығымдылық сапаға жеткізуге,

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің 1954 жылғы 23 марттағы мәжлісі туралы ИНФОРМАЦИЯЛЫҚ ХАБАР

23 мартта Қазақ ССР Жоғарғы Советінің мәжлісі залында Қазақ ССР Жоғарғы Советінің IV сессиясы болды.

Председательдік етуші — Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Председателі депутат **Ғ. Ш. Қаржаубаев** сессияның қарауына мынадай мәселелер ұсынылатынын хабарлады:

1. Ұйымдастыру мәселесі.
2. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указдарын бекіту.

Қазақ ССР-нің Жоғарғы Советі депутат **Р. Ильяшевтің** ұсынысы бойынша сессияның күн тәртібіне бұл мәселелерді бірауыздан енгізді.

Депутат **Е. Б. Тайбеков**не сөз берілді.
Депутат **Е. Б. Тайбеков** сессияның

қарауына басқа жұмысқа ауысуына байланысты депутат **Даниял Керімбаевты** Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі міндетінен босату және Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі етіп депутат **Нұртас Дәндібайұлы Оңдасыновты** сайлау туралы ұсыныс енгізді.

Депутаттар **Қ. Мыржіқбаев** және **Б. Уәлиев** депутат **Е. Б. Тайбековтың** ұсынысын қуаттады.

Қазақ ССР-нің Жоғарғы Советі депутат **Е. Б. Тайбековтың** ұсынысын бірауыздан қабылдады.

Бұдан кейін Қазақ ССР-нің Жоғарғы Советі күн тәртібінің екінші мәселесіне—Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы-

ның Указдарын бекітуге көшті.

Бұл мәселе жөнінде Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының секретары депутат **Ә. Әмриев** баяндама жасады.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының мынадай министрліктерді: Қазақ ССР Совхоздар министрлігін, Қазақ ССР Азық-түлік товарлар өнеркәсіп министрлігін, Қазақ ССР Көпшілік қолды өнеркәсіп товарлары министрлігін құру туралы; мына министрліктерді: Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігін Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР жол және транспорт шаруашылығы министрлігін Қазақ ССР Автомобиль транспорты және тасжолдар министрлігі

деп атау туралы Указдарын бекіту жөнінде қаулы қабылдады.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының:

М. Д. Власенконы Қазақ ССР Совхоздар министрі;

М. Е. Бутинді Қазақ ССР Азық-түлік товарлар өнеркәсіп министрі;

В. А. Родионовты Қазақ ССР Көпшілік қолды товарлар өнеркәсіп министрі;

Х. Б. Байғалиевті Қазақ ССР Сыртқы істер министрі етіп тағайындау туралы Указдарын бекітті.

Осымен Қазақ ССР Жоғарғы Советінің мәжлісі аяқталып, сессия жабық деп жарияланды.

Д. Керімбаев жолдасты Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі міндетінен босату туралы

ҚАЗАҚ СОВЕТТІК СОЦИАЛИСТІК РЕСПУБЛИКАСЫ
ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Жоғарғы Советі қаулы етеді: Басқа жұмысқа ауысуына байланысты **Даниял Керімбаев** жолдас Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі міндетінен босатылсын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Председателінің орынбасары
И. ЛУКЪЯНЕЦ.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының секретары **Ә. ӘМРИЕВ.**
Алматы қаласы,
23 март, 1954 жыл.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Қазақ ССР министрліктерін құру және қайта құру жөніндегі Указдарын бекіту туралы

ҚАЗАҚ СОВЕТТІК СОЦИАЛИСТІК РЕСПУБЛИКАСЫ
ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Жоғарғы Советі Жоғарғы Совет Президиумының:

Қазақ ССР Совхоздар министрлігін құру туралы;
Қазақ ССР Азық-түлік өнеркәсіп товарлар министрлігін құру туралы;
Қазақ ССР Көпшілік қолды товарлар өнеркәсіп министрлігін құру туралы;
Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігін және облыстық ауыл шаруашылығы және дайындау басқармаларының аттарын өзгерту туралы;
Қазақ ССР Жол және транспорт министрлігін Қазақ ССР Автомобиль транспорты және тасжолдар министрлігі деп, облыстық жол және транспорт шаруашылығы басқармаларын облыстық автомобиль транспорты және тасжолдар басқармасы деп

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателін сайлау туралы

ҚАЗАҚ СОВЕТТІК СОЦИАЛИСТІК РЕСПУБЛИКАСЫ
ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Жоғарғы Советі Нұртас Дәндібайұлы **Оңдасынов** жолдасы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі етіп сайлауға қаулы етті.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Председателінің орынбасары
И. ЛУКЪЯНЕЦ.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының секретары **Ә. ӘМРИЕВ.**
Алматы қаласы,
23 март, 1954 жыл.

Қазақ ССР-нің министрлерін тағайындау жөніндегі Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указдарын бекіту туралы

ҚАЗАҚ СОВЕТТІК СОЦИАЛИСТІК РЕСПУБЛИКАСЫ
ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Жоғарғы Советі Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының:

Қазақ ССР Совхоздар министрі етіп — **Михаил Дмитриевич Власенконы**;

Қазақ ССР Азық-түлік товарлар өнеркәсіп министрі етіп — **Мәжікен Есенұлы Бутинді**;

Қазақ ССР Көпшілік тұтынытын товарлар өнеркәсіп министрі етіп — **Василий Александрович Родионовты**;

Қазақ ССР Сыртқы істер министрі етіп — **Хайырғали Байғалиұлы Байғалиевті**

қатарлы колхоздары мен совхоздарында тұқым құю, оны тазартып, өңгіштік сапаса жеткізу жұмыстары айдағдай жүргізіліп келеді. Мәселен, Октябрь ауданындағы «Заря коммунизма» колхозында үстіздегі жылдың егісі үшін 9 мың 343 центнер тұқым құйылған болса, оның барлығы да тазартылып, өңгіштік сапаса жеткізілген. Бұл колхозда тың және тыңайған жерлерге жаздық қатты бидайдың «гордейформ—10» сорты құйылған.

Конихов ауданындағы «Путь Ленина» колхозы жыл сайын егіске тұқымды жеткілікті құйып, оны егіс жұмысы басталғанға дейін себуге толық әзір етуді әдетке айналдырып келеді. Мұнда бығыл егіс көлемі 4195 гектарға, оның ішінде бағалы дақыл — жаздық бидай егісі 3000 гектарға жуық ұлғайтылады. Колхоз егіншілері егістің осыншалықты көлеміне жаздық қатты бидай тұқымын, әсіресе айтқанда, әсіресе тың және тыңайған жерлерде жақсы өніп, өсетін «гордейформ—10» тұқымын қажетінше дайындап отыр. Бұл колхозда бұдан басқа да тұқымның сорттары өңгіштік сапаса жеткізілген.

Көктемгі егіске тұқым дайындау облыстың барлық колхоздары мен совхоздарында білдей, осындай жақсы ұйымдастырылып отыр деуге болмайды. Көп колхоздар мен совхоздарда тұқым әзірлеудің барысы өте қанағаттанғысыз. Бұған бірқатар мысалдар келтіруге болады. Бұлаев ауданындағы Буденный атындағы колхоз алдағы көктемде 1935 гектар егін егуге тиіс. Колхозда бұған керекті тұқым құйылғанмен, оны тазартудың барысы өте мөте баяу. Соның салдарынан осы уақытқа дейін мұнда тұқымның жартысы да тазартылмай отыр. Алайда, колхоз председатели

себуге жарамсыз деп табылған тұқымдық дәнді сортты тұқымға айырбастауға ерекше назар аударып, оған нақтылы басшылық етуге тиіс. Тұқымның жалпы мөлшерінің жететініне төкмелесіп, оның шығымдық сапасының төмендігін елемей қате болар еді. Сондықтан колхоз, МТС, совхоз, аудан басшылары тұқымның сапасын үнемі біліп отырулары керек.

Егіске тұқым дайындауда агрономдар ұйымдастырушылық роль атқаруға тиіс. Олар тұқымды күтін, сақтаушылардың, газартушылардың арасында жиі болып, тұқымның сапасын арттыру жөнінде егіншілерге кеңес беріп, көмектесіп отыруға міндетті.

Көзір ауа райы жылына бастады. Енді дәнді дақылдың, әсіресе бидай тұқымын ауа арқылы жылытып, оның өңгіштік сапасын арттыруға болады. Сонымен қатар тұқымды дәрліруге қажетті дәрілерді, ыдыстарды осы бастан жеткілікті мөлшерде дайындау жұмысын ұйымдастыру керек.

Тұқым дайындау, оны тазарту, өңгіштік сапасын арттыру өте жауапты жұмыс. Бұл іске көмекті қарауға, оны атқаруды істің жайын білмейтін адамдарға тапсыра салуға болмайды. Тұқымды тазартуға, күтуге, сақтауға істің жайын жақсы білетін адамдарды бөлу, оларға үнемі көмектесіп отыру керек.

Көктемгі егіс ауылшаруашылық жылының ең жауапты кезеңі. Бұл жауапты кезеңнің ұйымдасқан түрде, жоғары дәрежеде өткізілуі, сөйтіп, мол өнім негізінің қалануы егіске әзірлікке, тұқымның сапасына байланысты. Сондықтан колхоз, МТС, совхоз, аудан басшылары барлық егіс алаңын жоғары сапалы тұқыммен қамтамасыз ету үшін күресулері керек.

Украина Коммунистік партиясының XVIII съезі

КИЕВ, 23 март. (СОТА). Бүгін Киевте Украина Коммунистік партиясының XVII съезі ашылды. Съезд өтетін Украина ССР Жоғарғы Советінің мәжіліс залына делегаттар, сондай-ақ көптеген қонақтар — жұмысшылар, партия және совет қызметкерлері, ғылым, әдебиет және искусство қайраткерлері жыйналған.

Украина КП Орталық Комитетінің тапсыруы бойынша съезді Украина КП Орталық Комитетінің секретары А. И. Кириченко жолдас ашты.

Съезд делегаттары мәңгі жасайтын Лениннің ісін алға алып барушы ұлы кемедегір — Иосиф Виссарионович Сталиннің жарқын есімін орындарынан тұрып еске түсірді.

Съездің мынадай күн тәртібі бекітілді:

Тың жер өлкесі туралы фильм түсіру

АҚМОЛА. (ҚазТАГ). Москваның ғылым-көпшілік фильмдер киностудиясының бір топ операторлары облыстың колхоздарында бос жатқан жерлерді құнарлы жерлерге айналдыру туралы түрлі-түсті жаңа фильм түсіру жұмысын жүргізуде. Сценарийдің авторы — В. Попов, режиссер — Юноша — Л. Антонов. Фильмді жасау жұмысына белгілі «Насыл шаршылар туралы әңгіме» деген фильмді жасаушы кинооператорлар

Л. Дмитриев, А. Казнин және басқа кино қызметкерлері де қатысып жүр.

Көзірдің өзінде-ақ Москваның, Кубаның Солтүстік Қазақстанға өз еркімен келген механизаторларының келу сапары, тың жерлерді көгеру үшін қуатты жаңа техниканың келуі, жаңа трактор отрядтары мен бригадаларының ұйымдастырылуы фильмге түсірілді. Шортанды ауылшаруашылық тәжірибе станциясын түсіру аяқталды.

Аудандық жол және транспорт шаруашылығы бөлімдерін аудандық жол шаруашылығы бөлімдері деп атау туралы Указдары бекітіледі деп қаулы етеді.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі

Н. ОНДАСЫНОВ.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының секретары Ә. ӘМРИЕВ.

Алматы қаласы,

23 март, 1954 жыл.

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТИ МЕН ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНДЕ

Қазақ ССР-нің колхоздары мен совхоздарында 1954 жылда шабындықтарды жайып суару, жайылымдарды және егістік жерлерді суландыру үшін көктемгі ағын суы мен қар суын пайдалану туралы

Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті республиканың колхоздары мен совхоздарында 1954 жылда шабындықтарды жайып суару, жайылымдарды және егістік жерлерді суландыру үшін көктемгі ағын суы мен қар суын пайдалану туралы мәселе талқылап, мынаны атап көрсетті: мал шаруашылығын оған әрі өркендетудегі және оның өнімділігін арттырудағы маңызды шарттардың бірі — жемшөп базасын жасауда қар және ағын суларды пайдаланудың зор маңызы бар екеніне қарамастан Қазақ ССР-нің Ауыл шаруашылығы министрлігі және Совхоздар министрлігі, облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттері, Қазақстан КП облыстық комитеттері мен аудандық комитеттері, көптеген МТС-тердің, ММШС-тердің, совхоздардың директорлары және колхоздардың басқармалары шабындықтарды жайып суару үшін ағын су мен қар суын пайдалану және бөгеттер мен тоғандар құрылысын пайдалану жөнінде әзірлік жұмыстарын қанағаттанғысыз жүргізіп отыр.

Жер қазу үшін механизмдердің жеткілікті паркттері бар республиканың машина-трактор, машина-малшаруашылық және машина-милиоративтік станцияларының және совхоздардың басшылары жайып суару жөнінде кең жұмыстар жүргізу үшін қажетті шараларды қолданбай келеді.

Жайып суаратын жүйелер, бөгеттер, тоғандар құрылысы жөніндегі жұмыс барлық жерде бірдей жүргізілмей отыр. Осы күнге дейін көптеген колхоздар мен совхоздарда су шаруашылығының құрылыстары жүргізілетін жерлер белгіленбеген. Механизмдердің бірқатар бөлігі жөнделмей, қажетті механизатор кадрлары іріктен алынбай, ең бастысы — бұл жұмысқа колхозшылардың, МТС-тер мен совхоз қызметкерлерінің қалың бұқарасы кеңінен қатыстырылмай отыр. Осының салдарынан 1954 жылы жайып суаруға жататын 2 миллион гектардан астам жерден небары 1 миллион 263 мың гектар ғана әзірленген деп есептеледі, ал, мынада ол бұдан да кем, өйткені, бірқатар бекілістердің жайы ағын суы мен қар суын бөгеді қамтамасыз ете алмайды.

Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті 1954 жылы көктемде

жайып суару үшін бекіністер әзірлеу жөнінде колхоздарда екі миллион 123,8 мың гектар көлемінде, совхоздарда 300 мың гектар көлемінде, сондай-ақ колхоздарда 1500 бөгеттер мен тоғандардың және совхоздарда 752 тоғандар мен бөгеттердің құрылысын салу жөнінде тапсырма белгіледі.

Солтүстік Қазақстан облысының колхоздарында 30 мың гектар шабындықтар мен жайылымдықтар көлбетіні суарылуға тиіс. Соның ішінде аудандар бойынша: 1954 жылы 1 мамырға дейін Бұлаев ауданында 1 мың, Ленин — 7 мың, Октябрь — 8 мың, Петропавл — 6 мың, Полудень — 0,2 мың, Приеним — 4 мың, Соколов — 3,8 мың гектар, Петропавл совхоздар тресінің совхоздары бойынша көлбетін суару жөнінде тапсырма 1 мың гектар болып белгіленді.

Сондай-ақ облыстың колхоздарында 90 тоған, ал, Петропавл тресінің совхоздарында 26 тоған және жаңа құрылған шаруашылықтарда 5 бөгет және бұрын-над бар совхоздарда 40 тоған салу белгіленді.

Облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттеріне, облыстық партия комитеттері мен аудандық партия комитеттеріне, МТС-тер мен совхоздардың директорларына, колхоздардың басқармалары мен колхозшыларды қатыстыра отырып, жайылымдарда және тың жерлерді игеретін учасоктерде ағын суы мен қар суын барынша көп бөлеп, жыйнау үшін бөгеттер мен тоғандардың құрылысын жүргізетін жерлерді дереу іріктен алу және барлық жерде бөгеттер мен тоғандардың құрылысын салуға кірісу тапсырылды.

Республиканың Ауыл шаруашылығы мен Совхоздар министрліктері, облыстық атқару комитеттері, аудандық атқару комитеттері, облыстық және аудандық партия комитеттері мыналарды орындауға міндетті:

әрбір колхоз және совхоз бойынша жерді жайып суару жөніндегі, бөгеттер мен тоғандардың құрылысы жөніндегі тапсырмаларды әрбір колхоз бен совхоздын сөзсіз орындауын қамтамасыз ететін мөлшерде бөлінген машиналар, жұмысшы күші және транспорт саны, көрсетілген жұмыс жоспары бекітілсін;

Тағайындау туралы Указдары бекітіледі деп қаулы етеді.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі

Н. ОНДАСЫНОВ.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының секретары Ә. ӘМРИЕВ.

Алматы қаласы,

23 март, 1954 жыл.

шығынды аз жұмсайтын және шабындықтарды жайып суару мен суландыру үшін қар суын бөгеді қысқа уақытта ұйымдастыруға мүмкіндік беретін жергілікті құрылыс материалдарынан уақытша плотиналар салу, тоғандар, бөгеттер құрылысы кеңінен өрістетілсін;

1954 жылдың 1 апреліне дейін көзіргі бар плотиналардың, тоғандардың, бөгеттердің, дамбалардың техникалық жайына мұқият байқау жүргізілсін онда қажетті мөлшерде жергілікті материалдар (қамыс, тас, шырпы) жеткізілсін, тасқын судың бұзынан сақтау үшін су бекіністерін күзету жөнінде бригадалар ұйымдастырылсын, оларды тасқын су ағынының бұзынан сақтау үшін тәулік бойы күзетші қойылсын;

ауданаралық және шаруашылықаралық маңызы бар су көздерін пайдалану, ең қай-ақ, жайып суаратын жерлер учасокінің батпаққа айналуы мақсатында 1954 жылдың 1 апреліне дейін суды бөлуудің календарлық графигі жасалсын, әрбір шаруашылыққа су берудің мерзіміне қатаң бақылау қамтамасыз етілсін;

барлық жер қазатын механизмдерді жөндеудің жұмыс басталғанға дейін аяқталуы қамтамасыз етілсін, бұл үшін қажетті белшектер бөлінсін;

жер қазатын механизмдер екі сменада жұмыс істеу үшін кадрлармен қамтамасыз етілсін, олармен механизмдерді пайдалану және оның қуатын арттыру жөнінде нұсқау-кеңестері өткізілсін;

жерді жайып суару, бөгеттер мен тоғандардың құрылысын салу жөніндегі жұмысқа МТС-тердің, ММШС-тердің машина-милиоративтік станциялардың және облыстық су шаруашылығы құрылысы мекемелерінің барлық жер қазатын машиналары жіберілсін; бұл жұмыстарды орындау жөнінде колхоздармен шарт жасасу кезінде қамтамасыз етілсін. Сонымен қатар, бұл жұмысқа келісім жасау арқылы ұйымдардың және басқа министрліктер мен ведомстволардың жер қазатын механизмдері қатыстырылсын.

Жерді жайып суару және көлшектер мен тоғандарда қар суын тоқтату үшін бекіністер құрылысын ұйымдастыру жұмысы мен техникалық басшылықты жақсарту мақсатында бұл жұмысқа барлық мамандар — облыстық аппараттың, құ-

рылыс ұйымдарының, МТС-тердің, ММШС-тердің, аудандық атқару комитеттерінің, совхоздардың және басқа ұйымдардың гидротехниктері қатыстырылсын;

екпе шөкті, шабындықтарды, жайылымдарды және жыртылатын жерлерді суландыру мақсатында ағын суларды жіберу үшін жайып суаратын каналдар жұмыс басталғанға дейін пайдаланылсын.

Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті Қазақ ССР Ғылым академиясын, Бүкілодақтық ауылшаруашылық ғылым академиясының Қазақ филиалын, республиканың Ауыл шаруашылығы Министрлігі мен Совхоздар министрлігін жерді жайып суаруды ұйымдастыруға, бөгеттер мен тоғандар салуға, жерді іріктен алуға көмектесу үшін колхоздар мен совхоздарға бір ай мерзімге мамандарды — гидротехниктерді жіберуге міндеттеді.

Облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттері, облыстық партия комитеттері мен аудандық партия комитеттері, МТС-тер мен совхоздардың директорлары, колхоздардың басқармалары, бастауып партия ұйымдары, еңбекшілер депутаттарының ауылдық және селолық Советтері жерді жайып суару үшін бөгеттердің құрылысына колхозшылар мен совхоз жұмысшыларының көмектен баруын ұйымдастыруға, жерді жайып суаруды ұйымдастыруда озат колхоздар мен совхоздардың табыстарын, бұл шаралардың шаруашылыққа тиімділігін түсіндіруге міндетті. Көрсетілген жұмыстарды қысқа мерзімде жүргізу үшін колхоздар, совхоздар, МТС-тер, ММШС-тер және жеке бригадалар арасында социалистік жарыс кеңінен өрістелсін.

Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті совет, партия және ауылшаруашылық орындарының, МТС-тердің, ММШС-тердің және совхоздардың директорларының, колхоздардың басқармаларының назарын шабындықтар мен жайылымдарды жайып суару және қоғамдық мал шаруашылығына тұрақты жемшөп базасын жасау үшін ағын суы мен қар суын барынша пайдаланудың маңызы ерекше зор екеніне аударады.

БЛКЖО Орталық Комитетінің жұмысы туралы есепті баяндама бойынша қабылданған БЛКЖО XII съезінің Қ А Р А Р Ы

БЛКЖО Орталық Комитетінің жұмысы туралы есепті баяндаманы тыңдап және талқылап, БЛКЖО XII съезі қаулы етеді:

БЛКЖО Орталық Комитетінің есепті беріп отырған дәуір ішіндегі жұмысы мақұлданды.

Бүкілодақтық Ленинді Коммунистік Жастар Одағы өзінің XII съезіне Совет Одағының Коммунистік партиясының, оның Орталық Комитетінің төніретіне тығыз топтасқандықпен келді. Комсомол коммунистік құрылыста партияның белсенді көмекшісі болып, совет жастарын тәрбиелеу жөнінде едәуір жұмыс жүргізіп келеді.

Өнеркәсіп, транспорт, құрылыстар кәсіпорындарының комсомол ұйымдары жастардың күш-жігерін өндірістік жоғпарларды орындауға, еңбек өнімділігін арттыруға жұмылдырып отыр.

Колхоздардың, МТС және совхоздардың комсомол ұйымдары партия мен үкметтің ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету жөніндегі қарарларын орындау жолындағы күреске қосылуда. Миллиондаған гектар тың және тыңайған жерлерді игеруге шақырған партияның үндеуіне жауап ретінде ондаған мың жас жігіттер мен қыздар жана жерлер игерілетін аудандарда жұмыс істеуге өз еркімен жүріп кетті.

Оқушы жастар білімді қажырлылықпен менгеріп, Коммунистік қоғамның белсенді құрылысына бөлуге әзірленуде. Жас совет интеллигенциясы отандық ғылым мен техниканы, әдебиет пен искусствоны онан әрі көркейтеу үшін күресуде.

Партияның пролетарлық интернационализм принциптеріне айнымайтын рухында тәрбиеленген совет жастары бейбітшілік пен демократия үшін, жаңа соғыс хаушине қарсы күресіп жатқан барлық елдердің жастарымен достық байланыстарды нығайтып, ұлғайтып келеді.

Есепті дәуір комсомол қатары онан әрі нығайып, өскен дәуір болды. БЛКЖО мүшелерінің белсенділігі артып, комсомол ұйымдарының жұстарға ықпалы күшейді. XI съезден кейін комсомол екі есе өсті.

Бірақ, көптеген комсомол ұйымдарының жұмыс дәрежесінің партия алға қойған міндеттерден, жастардың өскен тілектерінен әлі де артта қалып отырғанын көрмеу қателік болар еді.

БЛКЖО съезі комсомол ұйымдарын жас ұрпаққа коммунистік тәрбие беру жұмысын барынша күшейтуді қамтамасыз етуге, комсомолдың, әрбір комсомол ұйымының жұмысы комсомолеттер мен жастардың тілектерін бұрынғыдан да толық қанағаттандыратын болуын және Совет Одағының Коммунистік партиясы БЛКЖО-ның алдына қойған міндеттерге сай келетін болуын көздеп отыруға міндеттейді.

I. Өнеркәсіптің, транспорттың, құрылыстардың, колхоздардың, МТС және совхоздардың көптеген комсомол ұйымдары соңғы жылдары мемлекеттік және шаруашылық құрылысына қатысуын бөсентетті. Практикалық міндеттерді шешуге жастарды ұйымдастыру орнына комсомол комитеттері көп жағдайда жалпылама сөздермен шұғылданып, кәсіпорындардағы, колхоздардағы, МТС-тердегі, совхоздардағы істің жайына жауапкершілігін сезбейді, жастардың еңбек тәртібін бұзу, өндірістік нормалар мен тапсырмаларды орындамау фактілеріне назар аудармай өте шығады.

Коммунистік партияның нұсқауларын орындай отырып, комсомол жастарды тәрбиелеу және оқыту жөніндегі өзінің бүкіл жұмысын коммунизм орнату жолындағы жалпыхалықтық күреске практикалық қатысумен бұдан былай да ұштастырып отыруға міндетті. Аса маңызды міндет — мемлекеттік, шаруашылық және мәдениет құрылысына, еліміздің бүкіл қоғамдық-саяси тұрмысына бұрынғыдан да гөрі белсене қа-

уымдары оқу орындарының партия ұйымдары мен басшыларының студенттерді оқыту және тәрбиелеу, социалистік Отанға берілген, мамандығы жоғары және жан-жақты білім алғаш мамандар даярлау жөніндегі жұмысында оларға көбірек көмектесіп отыруға міндетті.

III. Көптеген комсомол ұйымдары идеологиялық жұмысты жете бағаламаушылыққа жол беріп, бұл жұмысты нақты өмірмен, аса маңызды шаруашылық — саяси міндеттермен ұштастырмай жүргізіп келеді. Жастарды коммунистік мораль рухында тәрбиелеуге ойдағыдай көңіл бөлінбейді.

Бүкіл совет жастарын Отанға жанаймай қызмет ету, коммунистік партияға берілгендік, ССРО халықтарының мызғымас достығы рухында тәрбиелеу міндеті комсомол ұйымдарынан нақты өмірмен, коммунистік құрылыстың практикасымен тығыз байланысты идеологиялық жұмысты кеңінен өрістетуді талап етеді. Совет адамдарының ең жақсы қасиеттерін — еңбек сүйгіштігін, сергектігін, батылдығын, коммунизмнің жеңісіне берік сенетінін, қиыншылықтар мен кедергілердің қандайын болса да жеңуге әзірлігін жастарға үйретіп отыруда комсомол партияға көмектесуге міндетті.

Комсомолеттер мен жастардың марксизм-ленинизмнің түпкі мәнін берік ұғынуын қамтамасыз ету, саяси оқуді ұйымдастырудағы бюрократтық бұрмалаушылықтар мен ақімшілік жасауды, оқудың еріктілік принципін өрескен бұзушылықты, комсомолеттерді үйірмелер мен саяси мектептерге жалпылама қатыстыруды жою қажет.

Съезд БЛКЖО Орталық Комитетіне, одақтас республикалардың БЛКЖО Орталық Комитеттеріне, өкілеттік және облыстық комсомол комитеттеріне комсомол баспасөзіне басшылығын күшейтуге, оның идеялық дәрежесін арттыруды, журналист кадрларын даярлау ісін жақсартуды міндеттейді.

Басшы комсомол органдары, комсомол ұйымдары жастардың санасындағы өскіліктің сарқыншақтарына қарсы, совет адамдарына лайықсыз қылықтарға қарсы аяусыз күрес жүргізулері қажет. Комсомол ұйымдары жастар арасында мәдени-бұқаралық жұмыстың көп көлемде жүргізілуін қамтамасыз етуге, жас жігіттер мен қыздардың жақсы тынығуына көмектесетін қызықты шараларды көбірек жүргізуге міндетті.

Комсомол жастардың денесізі шынықтыруға, оларды еңбекке және Отан қорғауға әзірлеу ісіне тынбастан қамқорлық жасап отыруға міндетті. Ерікті спорт қоғамдарымен және кәсіподақ ұйымдарымен бірлесе отырып, бұқаралық физкультура және спорт жұмысын онан әрі өрістетуді қамтамасыз ету керек, жастарды спортпен үнемі шұғылдануға бұрынғыдан да гөрі белсенді қатыстырып, БЛКЖО мүшелерінің «Еңбекке және ССРО қорғанысына әзір бол» комплексінің нормаларын тапсыруын қамтамасыз ету керек.

Совет Армиясы мен Соғыс-Теніз Қуштерінің комсомол ұйымдары Армия мен Флот жастарын социалистік Отанға жан-тәнімен берілгендік рухында тәрбиелеу жұмысын жетілдіріп отыруға, жауынгерлік және саяси әзірлік пен тәртіпте, ең жаңа соғыс техникасы мен қаруды меңгеруде барлық комсомолеттердің озат ролы атқаруын қамтамасыз етуге міндетті.

БЛКЖО жастардың халықаралық демократиялық қозғалысын ұлғайтып, нығайтуға көмектесіп отыруға, совет жастарының Қытай Халық Республикасының, халықтық демократия елдерінің, Герман Демократиялық Республикасының жастарымен туысқандық байланыстарын дамытып отыруға, капиталистік, отар және тәуелді елдердің демократияшы жастарымен достықты ұлғайтып отыруға тиіс.

IV. Съезд көптеген комсомол ұйымдарында жұмыстың

Агрономиялық кеңес

Тың және тыңайған жерлерді жұмыстаудың агротехникасы

Елімізде ауыл шаруашылығының барлық салаларын шұғыл өркендету туралы партия мен үкмет алға қойған бүкілхалықтық міндетті орындау үшін ауылшаруашылық өндірісінің негізі — астық шаруашылығын онан әрі өркендетудің зор маңызы бар. ССРО Орталық Комитеті Пленумының «Елімізде астық өндіруді онан әрі арттыру туралы, тың және тыңайған жерлерді игеру туралы» қаулысында атап көрсетілгеніндей астық өндіруді ең қысқа мерзім ішінде еселеп арттырудың қайнар көзі — тың және тыңайған жерлерді игеру жолымен дәнді дақылдар өгісін ұлғайту болып табылады.

Біздің ауыл шаруашылығымызда тың және тыңайған жерлерді көптеп игеруге мүмкіншіліктер жеткілікті. Колхоздар мен совхоздарда көптен бері егіске пайдаланылмай жатқан мол тың жер бар. Олар отандық алдыңғы қатарлы қуатты техникамен молынан қаруланған. Мұның өзі, тек тың және тыңайған жерлерді игеруде ғана емес, ауыл шаруашылығындағы негізгі жұмыстардың барлығын да механикаландыруға мүмкіндік береді. МТС-тер, колхоздар және совхоздар шаруашылыққа шебер басшылық ете алатын қажетті кадрлармен нығайтылған. Сол сияқты, оларда көптеген ауыл шаруашылығының мамандары мен механизаторлар жұмыс істейді. Мұнымен бірге, колхозшылар мен МТС, совхоз жұмысшыларының тың және тыңайған жерлерді игеруде көп жылдар бойы жыйнақталған, советтік озат агротехникалық ғылымға негізделген бай тәжірибелері бар.

Осы мүмкіншіліктерді толық пайдаланып отырып, тың және тыңайған жерлерді жұртқанда және ол жерлерге тұқым сеікенде агротехникалық ережелерді мұқият орындауға ерекше назар аудару керек болады. Өйткені, жаңа жерлерді игеру жұмысында агротехниканың аздап болса да бұрмалануы ол учасқоқтерден алынатын өнімнің көм болуына өсер ететіні тәжірибеде талай рет дәлелденіп жүр.

Быйылғы ерте көктемде жұмысстала тын және тыңайған жерлерді, ең алдымен елді пункттерге таяу және негүрлым қунарлы учасқоқтерден, шөбі сүлік шабындықтар мен жайылымдықтардан іріктеп алып, межелеп қою керек. Бұл жерлерді жұрту көктемгі дала жұмыстарының ең бірінші кезеңінде, тіпті өткен жылғы зыб пен парға жұртылған жерлерді өңдеуден 6—8 күн бұрын жүргізу керек.

Тың және тыңайған жерлерді түреңді плугпен кемінде 20—22 сантиметр тереңдікте жұрту жөн. Ал, қунарлы топырағының қалыңдығы 20—22 сантиметрден жұқа болса, онда қунарлы топырақты толық аудару қажет. Тың жерді

жұртқан кезде жердің шымды қабаты қара топырақты өңделетін қабатқа араласып кетпеуіне ерекше назар аудару керек. Шым қабат қашан да борзаның түбіне түсіп, жерді тырмалағанда бетіе шығыш қалмауы тиіс.

Жерді жұртып болысмен, іле дискелеу және тырмалау керек. Дискелеу мен тырманы неше ізде жүргізуді топырақтың қаттылығы мен жұмсақтығына, дымқылдығына қарай ұйымдастыру керек. Әрбір учасқоқті өңдегенде осы сияқты жергілікті жағдайларды есепке алып отырған жөн. Өңдеп болғаннан кейін ауыр қаток жүргізу арқылы топырақтың бетін тегістеу керек. Бұдан топырақ жақсы тығыздалады, сеяланың тұқымдық дәнді біркелкі тереңдікке сіңіруіне және дәнін тез көктеп шығуына жағдай туғызады.

Тұқымдық дәнді топырақтың қунарлылығына қарай 5—8 сантиметр тереңдікте сіңіруге болады. Тұқым себу жұртылай жерді тырмалағаннан кейін ұйымдастырылуы керек. Бұл істе тұқымды тарқатарлы, не тоғыснаны әдісті жөнінен қолдану қажет. Себу нормасы жердің қунарлылығына қарай белгіленуге тиіс. Тың және тыңайған жерлерді жұрту, өңдеу және оған тұқым себу жұмыстары әрі кеткенде 10—12 күн ішінде аяқталатын болуы керек.

Едәуір көлемдегі тың және тыңайған жер парға жұртылуға тиіс. Бұл учасқоқті жұртудағы негізгі мақсат—арам шөптердің өсуін тоқтату, топырақтың дымқылдығын сақтау, қоректік заттарды мол жыйнау.

Осы шарттарды іске асыру үшін май және июль айларында жаңа жерді парға жұрту қажет. Жер түреңді плугпен 20—22 сантиметр тереңдікке, ал топырақтың қунарлы қабаты қалың болса тереңдік 22—25 сантиметрге дейін ұлғайтылып жұртылады.

Забьке арналған жаңа жер июль айының аяғы мен август айының 20-нан кемісікітірілместен түреңді плугпен жұртылуға тиіс. Бидайықты жерді өңдеу оңайлыққа түспейді. Бұл жерді жұртпай тұрып, оны 10—12 сантиметр тереңдікте дискелесе, соңан соң 22—25 сантиметр тереңдікте жұртса, бидайық тамырларын түгел жойғанға дейін тағы дискелесе онда жақсы нәтижелі болады.

Жаңа жерден алынған астық өнімі тұқымдық дәнің сапасына, себу мезгіліне, ауа райына, бөрінен бұрын жердің жұртылуына, өңделуіне байланысты.

Жаңа жерді жұрту жұмысының басталуына көп күндер қалған жоқ. Демек, бұл бүкіл халықтық іске әзірлікті әрбір колхоз, МТС, совхозда күнілгері қызу қарқынмен жүргізу қажет.

Агроном Н. ЖИВУЛИНА.

КӘСІПОДАҚТАРДЫҢ БҮКІЛ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ФЕДЕРАЦИЯСЫ АТҚАРУ БЮРОСЫНЫҢ СЕССИЯСЫ

БЕНА, 24 март. (СОТА). Кеше Велада Кәсіподақтардың Бүкіл дүниежүзілік федерациясы атқару бюросының 25-сессиясы ашылды.

Сессияның жұмысына Кәсіподақтардың Бүкіл дүниежүзілік федерациясының председателі Ди Витторно, бас секретары Луи Сайян, вице-председательдер Н. М. Шверник (ССРО), Ален Ле Леап (Франция), Лю Нин-И (Қытай), Толедано (Мексика), Тесла (Чехословакия), Пенья (Куба), Лучези (Бразилия), Брайден (Голландия) және басқалары қатысуда. Сол сияқты, сессияға Кәсіподақтардың халықаралық бірлестіктерінің бас секретарьлары (КБФ-нің өндірістік бөлімдері) қатысуда.

Сессияның күн тәртібінде мына мәселелер бар:

1. Халықаралық жағдай және Кәсіподақтардың Бүкіл дүниежүзілік Үшінші конгресі қарарларының орындалуы.
2. Кәсіподақтардың праволарын қорғаудың негізгі принциптерін тану және қолдану үшін күрес және 1954 жылдың 1 Май күніне дайындық.
3. Халықаралық кәсіподақтар бірлестіктерінің (КБФ өндірістік бөлімдерінің) жұмысы мен міндеттері.

Бірінші мәселе бойынша КБФ-нің бас секретары Луи Сайян баяндама жасады.

АҒЫЛШЫН-ЕГИПЕТ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ ЖАЙЫНДА

КАИР, 24 март. (СОТА). «Аль-Гумхурия» газетінің хабарына қарағанда, Египеттің сыртқы істер министрлігі кеше Каирдағы ағылшынның елшілігіне Суэц каналының бойындағы ағылшын оккупацияшыл әскерлерінің әрекеттеріне қарсы жаңа наразылық нотасын жолдаған.

Газеттің атап көрсеткеніндей, нотада бейбіт египет халқына қарсы 22 мартта қолданылған «Суэц каналының бойындағы ағылшын әскерлерінің шектен шыққан агрессияшыл әрекеттерін дәлелдейтін сипаттамалар келтірілген».

Газет ағылшын соғыс қызметкерлерінің айыпты екендігін дәлелдейтін документтер нотаға қоса тіркелді, деп жазады. Египет үкметі ағылшын әскерлері келтірген зыяның орнын толтыруды талап етеді.

Бүгінгі газеттер Суэц каналының бойындағы жағдай бұрынғысынша шиеленіскен қалпында қалып отыр деп хабарлайды. Кеше жаңа жанжалдар болған. «Аль-ахрам» газетінің тілшісі 23 мартта Исмаилдан ағылшын солдаттары бұлінген жолдарды жөндеп жүрген Египет жұмысшыларына екі граната лақтырғандығын хабарлайды. 3 жұмысшы жараланған.

«Аль-ахрам» газетінің хабарлауы бойынша, Абу-Сувейр темір жол станциясының үйіне ағылшын солдаттары граната тастаған. Суэц-Исмаил жолында ағылшын солдаттары Египет автомашинасын атқылап, оның жүргізушісін жаралаған.

Колхозымыздың өркендей түсуі үшін

Тұрақ комсомол ұйымдарының батыл бет бұруын қамтамасыз етуде болып отыр.

Социалистік өнеркәсіпті оған әрі өркендетуге, ауыл шаруашылығының барлық салаларын шұғыл алға бастырудың партия мен үкмет белгілеп берген программасын жүзеге асыруға, бүкілхалықтық ұлы міндетті—таяудағы 2—3 жылдың ішінде еліміздің халқының халық тұтынатын товарлар жөніндегі өсіп отырған тілектерін толығымен қанағаттандыру міндетін шешуге комсомолдар мен жастардың ерекше назары аударылуға тиіс.

Съезд комсомол ұйымдарын социалистік жарысты бұрынғыдан да кең өрістетуге, көбірек белсенділік және инициатива көрсетуге, әрбір өнеркәсіп орнында, әрбір құрылыста, транспортта, әрбір колхозда, совхозда, машина-трактор станцияларында еңбек өнімділігін барынша арттыруға жастардың күшін жұмылдырып отыруға шақырады.

Өнеркәсіп, транспорт және құрылыстар кәсіпорындарының комсомол ұйымдары өндірістік жоспарларды орындауға және асыра орындауға, өндіріс алаңының әрбір метрінен, әрбір жабдықтан өнім алуға арттыруға, үнемшілдік тәртібі бүлжытпай сақтауға, шығарылатын өнімнің өзіндік құнын кемітіп, сапасын арттыруға комсомолдар мен жастардың күшін жұмылдырып отыруға міндетті.

Ауыл шаруашылығы саласында комсомол ұйымдары жастарды СОКП Орталық Комитетінің сентябрь және февраль-март пленумдарының қарарларын орындауға жұмылдырып отыруға, барлық ауылшаруашылық дақылдарының шығындылығын едәуір арттыруға, мал санын көбейтіп, мал шаруашылығының өнімділігін арттыруға, техникасы неғұрлым жақсы пайдалануға, егіс жұмыстарын мезгілінде және сапалы өткізуді қамтамасыз етуге партия органдарына барынша көмектесіп отыруға тиіс. Бүкіл комсомолдың зор және құрметті ісі — тың және тыңайған жерлерді игеру жоспарын орындауға белсене қатысу. Комсомолдар ауыл шаруашылығы ғылымы мен практикасының табыстарын насихаттау, бұл табыстарды өндіріске енгізу ісінде бастамашы болуға тиіс.

Еліміздің халық шаруашылығы үшін маман кадрлар даярлаудың зор маңызын ескере отырып, комсомол ұйымдары оқушыларды оқыту және тәрбиелеу ісін сапалы арттыруға, кәсіптік білім беретіні оқу орындарына көбірек көмектесіп отыруға тиіс. Ауыл шаруашылығының жас жұмысшылары мен механизаторларының өндірісте дұрыс пайдаланылуын көздеп, олардың мәдени-тұрмыс жағдайларын жақсартуға көбірек қамқорлық жасап отыру керек.

II. Комсомол ұйымдары жастардың мәдени жағынан өсуіне жеткілікті қамқорлық жасамай келеді. Басшы комсомол органдары оқушылардың сабақты үлгеруін күшейтуде және тәртіпті нығайтуда мектептерге нашар көмектесіп отыр.

Жастардың білімді, озат ғылым мен техниканың табыстарын қажырлылықпен меңгеріп, оларды халық шаруашылығы мен мәдениеттің барлық салаларында іс жүзінде қолдана білетін болуына комсомол барынша қамқорлық жасап отыруға міндетті.

Совет адамын — коммунизм құрылысының тәрбиелен өсіруде совет мектебі аса зор роль атқарады. Совет мектебін оған әрі нығайтуға, оқушыларды оқыту және тәрбиелеу жұмысын жақсартуға қатысу — комсомолдың төд ісі.

Комсомол ұйымдары мектепте жұмыс істеуде, оқушыларды социалистік Отанға деген сүйіспеншілік рухында тәрбиелеп отыруға уақытын да, күшін де аямай жұмсауға тиіс, олар мұғалімдердің балаларды еңбек сүйгіш, білім алуға талаптану, қотамдық меншікке ұқыптылықпен қарау, адал және ныншалы болу рухында тәрбиелеп отыруына көмектесуге міндетті.

Жастардың өндірістен қол үзбей оқын, жалпы білімін арттыруына зор маңыз бере отырып, комсомол ұйымдары жастардың кешкі мектептерге, сырттан оқығатын және кешкі жоғары оқу орындары мен техникумдарда оқуға ұмтылған талабын барынша қолдап отыруға тиіс.

Жоғары және арнаулы орта оқу орындарының комсомол

бір сарынды жүргізіліп, жастарды қанағаттандырылатын атан көрсетеді. Осының салдарынан комсомолдардың кейбір бөлігін ұйымға ынтасы болмай, комсомолмен байланысып үзіп жүр. Комсомолдың бірқатар аудандық комитеттері мен қалаалық комитеттерінде жастарды комсомолға беталды қабылдай беруге жол беріліп жүр. Мұнымен бірге, комсомол ұйымдарының өз қатарын жұмысшылар мен колхозшылар есебінен толықтыруы нашар.

Комсомол органдарының жұмыс стилі мен әдістерінде мынадай зиянды, кеңейтілдік-бюрократтық практика қалыптасқан: комсомол қызметкерлері мен активнің күштерін нақты, жанды іске емес, комсомолдар мен жастар арасындағы жұмысты күшейтуге емес, қайта көптеген директива-лар, қарарлар, анықтамалар, есептер және ешкімге керексіз басқа қағаздар жазуға, алдан түрлі мәжілістер мен кеңестер өткізуге жұмылдырылып жүр. Мұндай жағдай жұмыс ұйымдастырудың негізгі принциптеріне қайшы келеді, жұмыста былық, қағазбастылық және жауапсыздық тудырады.

Съезд комсомолдың алдында тұрған міндеттерді ойдағыдай орындаудың сөзсіз шарты барлық комсомол ұйымдарының жұмыс әдістерін оған әрі жақсарту және жетілдіру болып табылады деп есептейді.

БЛКЖО Орталық Комитетінің, одақтас республикалардың ЛКЖО Орталық Комитеттерінің, өлкелік, облыстық, қалалық, аудандық комсомол комитеттерінің аса маңызды міндеті — өз жұмыстарын түбірімен қайта құру, комсомол ұйымдарына басшылық ету практикасындағы кеңейтілдік-бюрократтық әдістерді жою, қаулылар, мәжілістер мен кеңестер санын мықтан азайту, жастар арасындағы нақты ұйымдастыру және тәрбие жұмысымен көбірек шұғылдану болып табылады. Партия былай деп үйретеді: нақты адамдарға — комсомолдар мен Совет жастарына көңіл бөліп, олардың еңбегіне, тұрмысына, білім және тәрбие алуына, жігіттер мен қыздардың барған сайын өсіп отырған тілектері мен мүдделерін қанағаттандыруға үнемі қамқорлық жасау ісіне комсомол ұйымдары баса назар аударып отыруға тиіс. Бұл үшін жастардың қалың бұқарасы мен жаады байланысты ұдайы ұлғайтын, нығайтып отыру қажет.

Комсомол органдары комсомол демократиясының дәйектілігімен жүзеге асырылуын, өзара сынның, әсерге, төменнен болатын сынның оған әрі өрістетілуін, комсомол ұйымдары мен БЛКЖО мүшелерінің белсенділігін арттыруды, жұмыстағы коллективтілік принциптің бүлжымай сақталуын қамтамасыз етуге міндетті. Бастауын ұйымдарға басшылық етуде әкімшілік жасауға, олардың жұмысына жоғарыдан орынсыз шек қоюшылыққа жол бермеу керек, әрбір ұйымның жауынгерлік, топтасқан коллектив болуына жетісіп отыру керек.

Съезд БЛКЖО Орталық Комитетіне, одақтас республикалардың ЛКЖО Орталық Комитеттеріне, комсомолдың өлкелік комитеттеріне, облыстық комитеттеріне комсомол кадрларын іріктен алу, орналастыру және тәрбиелеу ісін жақсартуды, қызметкерлерді іскерлік және саяси сапаларына қарап іріктен алуын партия белгілеген принциптері бүлжытпай орындауды, неғұрлым жас, сауатты және жастар арасындағы жұмыста өзінің жақсы қабілетін көрсеткен активистерді басшы комсомол жұмысына батыл жоғарылатып отыруды міндеттейді.

* * *

БЛКЖО XII съезі Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің Бүкілодақтық Леениндік Коммунистік Жастар Одағы бұдан былай да Коммунистік партияның сенімді көмекшісі және резерві бола береді деп сендіреді. СОКП Орталық Комитеті БЛКЖО XII съезіне жолдаған құттықтауында алға қойған зор және жауапты міндеттерді абыроймен орындау үшін комсомол барлық күшін аямай жұмсайды.

Съезд комсомолдар мен комсомолкаларды, бүкіл совет жастарын Коммунистік партия мен Совет Үкметінің төңірігіне бұрынғыдан да тығыз топтасуға, елімізде коммунистік қоғам орнату жолындағы бүкілхалықтық күресте өздерінің күш-жігерін еселен арттыра беруге шақырады.

СОКП Орталық Комитеті Пленумының елімізде астық өндірісін оған әрі арттыру, тың және тыңайған жерлерді игеру туралы қаулысы колхоздардың экономикасын нығайтудың, колхозшылардың әлауқат және мәдени дәрежесін бұрынғыдан да жақсартудың айбынды программасы болып есептеледі. Мен бұл қаулыны орындау күресіне өз үлесімді қосуды азаматтық борышым деп санап, колхоздағы барлық ауылшаруашылық құрал-саймандарын жөндеу жұмысын 14 мартқа дейін аяқтауға міндеттенген болатынмын. Алған міндеттемеңді кезінде орындап шықтым. Колхоздағы 140 тырманы, 30 арбаны, 14 плугті сапалы жөндеуден өткіздім.

Менің өнімді еңбек етуіме колхоз басқармасы қажетті жағдайлардың барлығын жасады. Үста дүкені жөндеу ісіне қажетті темірлермен, көмірмен кезінде жабдықталып отырылды. Мұның өзі еңбек өнімділігін еселен арттыруға мүмкіндік берді.

Бұл күндері тракторларға тіркелетін құрал-саймандарды жөндеу ісіне көмектесудемін. Мен өзімнің барлық күш-жігерімді колхозымыздың өркендей түсуі жолындағы күреске аямай жұмсай беремін.

В. ГЛАЗКОВ,

Октябрь ауданы, «Гигант» колхозының ұтасы.

Көктемгі егіске әзірлік нашар

Бабанович атындағы колхозда (Совет ауданы) көктемгі егіске әзірлік қарқыны баяу. Мұнда, әсерге, қысқы агротехникалық шараларды іске асыру жұмысы өте-өте қанағаттанғысыз. Мәселен, жоспар бойынша 1800 гектар егістік алаңға қар топтату керек болса, ол орындалмады. Қолда бар тұқымдық дән толық газартылған, шығымдылық сапаға жеткізілмеген. Ал, қажетті картоп тұқымның жарғысы ғана бар. Сол сияқты, колхозда біржылдық шөп-тұқымы да жеткіліксіз. Шөп тұқымын сатып алу жөніндегі айтылған сөз іс жүзінде орындалмай келеді.

Быйыл колхоз жүздеген гектар тың

және тыңайған жер игеруге тиіс. Алайда, колхозда жаңа жер игеруге әзірлік нашар. Шымтезек-шірінді құмыраларын жасау ісі қолға да алынбаған. Ал, Совет МТС-нің бас агрономы Каблукова жолда бұл жағдайды көре-біте тұра төзімділік жасап отыр.

Көктемгі егістің басталуына онша көп күндер қалған жоқ. Демек, бұл егіске жан-жақты әзірлікті тез аяқтауды қажет етеді. Сондықтан да, колхоз басшылары көктемгі егіске әзірлік жұмысындағы орын алып отырған кезіргі ақшылықтарды дереу жойып, бұл іске қызу қарқын туғызулары керек.

В. ЛИЗУН.

БАЛКАН БЛОГІ ЕЛДЕРІНІҢ БАС ШТАБТАРЫ ӨКІЛДЕРІНІҢ КЕҢЕСІ

АНКАРА, 24 март. (СОТА). Бүгін Анкарада мұнан бір жыл бұрын жасалған Балкан блогіне кіретін Түркия, Греция және Югославия бас штабтары өкілдерінің кеңесі ашылды.

Соғыс топтары елеулі мән беріп отырған бұл кеңес осы елдерде соғысқа әзірлікті күшеюімен және олардың жерлерінде америка соғыс базаларының құрылысымен тікелей байланысты болып отыр. Газеттердің хабарлауы бойынша, кеңес негізінен Түркия Фракиясында түрік «өкілікті бөлімдерінің» жаңадан орналасуымен байланысты «жалпы авиациялық штабы» ұйымдастыру мақсатын көздейді.

АНГЛИЯДА ЖҰМЫССЫЗДЫҚТЫҢ ӨСУІ

ЛОНДОН, 24 март. (СОТА). Рейтам агенттігі былай деп хабарлайды: «Министрі оф лейбор газеті» (еңбек министрлігінің органы) газетінің хабарлауында, Англия мен Солтүстік Ирландияда тіркелген жұмыссыздардың саны соңғы 12 айдың ішінде өте-өте көбейген.

15 февральда жұмыссыздардың саны 429.526, яғни өткен жылдың сентябрінен 106.089 жұмыссыз адам артық болған.

Редактордың орыбасары
Г. НУРМОЛДИН.

МЕМЛЕКЕТТІК ЗАЕМДАР ССРО-НЫ ӨРКЕНДЕТУДІҢ БЕСІНШІ БЕСЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫН ОРЫНДАУҒА КӨМЕКТЕСЕДІ

1954 жылғы 30 мартта Баку қаласында
Мемлекеттік ішкі ұтыс заемының 38-інші
тиражы өткізіледі

Тиражда заемның бес разрядына мынадай ұтыстар шығады:

10 ұтыс	—	50.000 сомнан
25 ұтыс	—	25.000 сомнан
125 ұтыс	—	10.000 сомнан
400 ұтыс	—	5.000 сомнан
3.500 ұтыс	—	1.000 сомнан
38.440 ұтыс	—	400 сомнан

Барлығы 23.251.000 сомдық 42.500 ұтыс ойналады.

Заем бойынша жыл сайын алты негізгі ұтыс тиражы және бір қосымша ұтыс тиражы өткізіледі.

ЗАЕМ ОБЛИГАЦИЯЛАРЫН ЖЫЙНАҚ КАССАЛАРЫ САТАДЫ ЖӘНЕ ЕРКІН ҚАЙТА САТЫП АЛАДЫ.

Мемлекеттік ішкі 3 процентті ұтыс заемының облигацияларын сатып алыңыздар!

Еңбек жыйнақ кассалары мен мемлекеттік кредиттің облыстық басқармасы.

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«МАРИНАНЫҢ ТАҒДЫРЫ»

Сағат 4-30, 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«МЕКСИКА ҚЫЗЫ»

Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

Түпкілікті жұмысқа күрделі құрылыс бөлімінің бастығы, бас бухгалтер және материал бөлімінің бухгалтері, қочегарлар, тәжірибелі ағаш шеберлері КЕРЕК.

Жұмысқа қабылдау тәртібі жөнінде сағат 2-ден сағат 5-ке дейін Крестовная көшесі, 2-үйге, кадр бөліміне келіп түсінік алуға болады.

Оқу комбинатына жұмысшылар, үй сыйырушы және ат күтуші КЕРЕК.
Адрес: Крепостная көшесі, 5-үй.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-36, редактордың орыбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.